

КАДИРБАЕВА РОЗА ИЗТЛЕУОВНА
педагогика ғылымдарының докторы, доцент



Қадірбаева Роза Изтілеуқызы 10.09.1961 жылы қазіргі Түркістан облысы, Нұртас ауылында дүниеге келіп, сол ауылдың Амангелді атындағы орта мектепте оқып, мектепті 1978 жылы бітірген.

1978 жылы С.Киров атындағы ҚазМУ-нің Математика факультетіне оқуға түсіп, 1983 жылы «Математик.Оқытушы» мамандығын алған. Еңбек жолы: Жезқазған педагогикалық институтының оқытушысы (1983-1990), М.Әуезов атындағы Чимкент педагогикалық институтының аға оқытушысы (1990-1995), Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Шымкент институтында орталық басшысы, декан (1995-2008), ХҚТУ вице-президенті (2008-2013),

«Біліктілік арттырудың ұлттық орталығы «Өрлеу» АҚ Оңтүстік Қазақстан облысының филиалында кафедра меңгерушісі (2013-2014), ОҚМПИ-дың «Информатика» кафедрасының доценті және «Ғылыми-зерттеу бағдарламаларын сараптау орталығының» басшысы (2014-2016), «Тарих және педагогика» факультетінің деканы (2016), Математика кафедрасының меңгерушісі (2016-2021), Педагогикалық-инновация орталығының басшысы (2021), 2022-2023 оқу жылынан бастап бүгінге дейін «Математика» кафедрасының доценті.

Ғылыми-ізденіс жұмыстарымның нәтижесінде 13.00.02 шифры бойынша педагогика ғылымдарының кандидаты (1996), доцент (2002), 13.00.08 шифры бойынша педагогика ғылымдарының докторы (2012) ғылыми дәрежелері мен атақтарына ие болдым. Докторлық диссертациямның тақырыбы: Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері.

Университетте жұмыс істеу кезеңінде «Алгебра және сандар теориясы», «Математиканы оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану» және «Ғылыми зерттеу әдістері» пәндерінен дәріс оқиды. Оқытушылық қызметпен қатар ғылыми-зерттеу жұмыстарымен де айналысады: соңғы 5 жылда 50-ден астам ғылыми-әдістемелік еңбектер жарық көрді, оның ішінде Скопус базасындағы журналдарда – 5 (процентілі 35 тен жоғары); Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынатын басылымдарда – 14; Халықаралық лицензияланатын ғылыми журналдарда - 5; Шетелдік халықаралық конференцияларда – 4; 2 монография мен 3 оқу құралы бар. Сонымен қатар магистранттар мен студенттермен бірлесіп дайындалған және басқа да 30-ға жуық мақалалар халықаралық және республикалық деңгейдегі конференция материалдарының жинақтарында жарияланған. Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер бойынша 3 авторлық куәліктер бар. Ғылыми-әдістемелік еңбектердің жалпы саны - 150-ден астам.

2018-2020 жылдарға және 2020-2021 жылдарға арналған Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыруға арналған конкурстардың нәтижесінде 2 рет грант иегері болып, АР05133461 «Болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби күзінеттілігін ақпараттық-коммуникациялық пәндік орталарды әзірлеу арқылы қалыптастыру» және АР08956523 «Аралас оқыту технологияларын қолдана отырып, болашақ математика мұғалімдерін даярлау процесін жетілдіру» тақырыптарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізген.

2020 жылдан бері ҚР БҒМ жанындағы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімі» ақпараттық жүйесінің Операторы «Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығының» expertті ретінде жұмыстар атқарады.

ЖОО-да атқарған еңбектердің арқасында ҚР БҒМ "ЖОО үздік оқытушысы -2020" атағының иегері атанған. Сонымен қатар, 2009 жылы "ҚР ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін" төсбелгісімен марапатталған.